

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылыой ауданы Жаңа Қаратон кенті әкімінің 2017 жылғы 4 мамырдағы № 19 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 мамырда № 3858 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы Жаңа Қаратон кенті әкімінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 36 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы Жаңа Қаратон кенті әкімінің 28.07.2017 № 36 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жылыой аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2017 жылғы 11 сәуіріндегі № 68 ұсынысы негізінде Жаңа Қаратон кенті әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңа Қаратон кенті аумағында пастереллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Жылыой аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (К. Утегенов) және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Жылыой аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (Д. Жарилгасова) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

Р. Молдабаева

КЕЛІСІЛДІ:

*Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Жылыой аудандық*

орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері
" 4 " мамыр 2017 жыл

К. Утегенов

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Қоғамдық
денсаулық сақтау комитеті Атырау
облысы Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің Жылыой аудандық
қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы
" 4 " мамыр 2017 жыл

Д. Жарилгасова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК